

Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 3791. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейту мақсатында
қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор (бұдан былай - Қор) құруды қамтамасыз етсін, оның қызметінің негізгі бағыттары тұрмысы төмен азаматтарға материалдық және қаржылық ресурстарды беру, қызметтер көрсету (жұмыстар жүргізу), әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуына жәрдемдесу, сондай-ақ тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қызметін үйлестіру болып б е л г і л е н с і н .

2. Қордың мүлкін қалыптастыру көздері ерікті қайырымдылықтар түрінде берілетін ақша, сондай-ақ басқа да мүлік және заңға қайшы келмейтін өзге де аударымдар болып табылады деп белгіленсін.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері "Зейнеткерлер мен халықтың табысы аз топтарын әлеуметтік қорғау жөніндегі аумақтық қайырымдылық қорларын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі N 1805 Жарлығы негізінде құрылған зейнеткерлер мен халықтың табысы аз топтарын әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын қайта құруды қамтамасыз етсін.

4. Ақмола қаласының әкімі тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөнінде аймақтық қор құруды қамтамасыз ететін болсын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті